

егемен

Ағылханов

Болаттың биік белесі

Автордың – драматургтың шығармасы не мықты, не әлсіз болуы мүмкін. Мықты дүниенің мүмкіндігі төмен болып, ал әлсіз шығарманың шырайланып шыға келуі – режиссерге тікелей байланысты. Осы тұрғыдан мен, өз басым, режиссерді «сахнаның патшасы» дер едім. Өйткені, мықты режиссер қандай дүниені қолға алса болды, оны діттеген жерінен шығармай қоймайды. Автордың тек «шикізат» күйінде жатқан шығармасына қан жүгіртіп, жан бітіреді. Әртістерді таңдап, талғап сол рөлдегі бақытын ашады, бағын жандырады. Авторға да зорabyрой әкеледі. Ең бастысы – көрермендерді разы қылышп, өнерге, өмірге деген құлшынысын оятады.

Мен осынау пәлсапаны ақылым асқандықтан, күшім тасқандықтан айтып отырған жоқпын. Театр төңірегінде жүрген талай жылдарда көзім көріп, көңілім сенген жайлардан оқырманды хабардар еткім келді.

Әлбетте, біз театр өнері қазакта басқа дамыған елдерге қарағанда кенжелеп қалды деген сөзді айтудан жалықпай-ақ келеміз. Ал, сол сахна өнерінің санғасырлық ауыз әдебиетінің қазынасы іспетті, өзінен-өзі қазақ даласында «атой» салып жүргенін андаған да жоқпыз. Батырлардың іс-әрекеті, шешендердің сөз сайысы, көсемдердің кемел кеңесі, жалпы ұлттың ерекшелігін бет-бейнеміз бен бағыт-бағдарымыздың бүкіл болмысы – алып сахна, қазақтың ұлан-ғайыр кең даласының төсінде өмір сүріп жатты.

Соларды ұлы сахнаға алып келу үшін Алла тағала бізге Әуезов, Мұсірепов сынды алыптарды сыйлады. Бұл күнде ұлттық драматургияның бастауында тұрған Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мұсірепов ойдан құрап ештеме жазған жоқ. Олар тұнып тұрған халық қазынасынан көсіп алып, сахналық жүйеге салып ұлттына ұсынды. Ең алғашқы «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан» – алдымен ұлт еншісіндегі дүниелер емес пе еді?! Оған Ғабит Мұсірепов мұсіндең «Қызы-Жібек», «Қозы Қөрпеш-Баян сұлуды» қосыныз.

Жә! Тұптеп келгенде театр бастауы тым әріде жатыр. Ол да – Алаш арыстарының арасынан табылған. Сол себепті біз, бұл күнде ұлттық драматургияның төл таңбасын Міржақып Дулатов, Қошке Кеменгерұлынан бастап жүрміз. Сөйтіп, Тәуелсіздіктің арқасында біз ұлттық драматургиямыздың көкжиегін одан әрі кеңіте түстік.

Ал, режиссерсіз драматургия бар ма? Сахнасыз көрермен бар ма? Ендеше, ұлттық режиссураның басында Алаш арысы Жұмат Шанин тұрған жоқ па? Сол Жұмат Шанин бастаған режиссерлік ұзақ жолдың бүгінгі шеті, қазір де қасымызда жүрген жас емес (ол да елуғе келіп қалыпты-ау!) хас режиссер Болат Ұзаков туралы болмақ.

Болат Ұзаков туралы мен бір кісідей білемін. Білген соң айтамын. Өйткені, менің өмірбаяны мен шығармашылық жолым тек қана ақындықпен өлшенбейді. Театр тірлігі де маған бөтен ауыл емес. Осы күні драматургия саласында азды-көпті қолтаңбам байқалып жатса, соның арқасы деп сезінемін.

Біршама жылдар Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық ал-

қасын басқардым. Ол аз болса, Алматыда F.Мұсірепов театрында, Астанадағы Қ.Куанышбаев театрында әдебиет бөлімінде қызмет еткенімді айтсам да жеткілікті.

«Қаллеки» театрына бас режиссер, әрі көркемдік жетекші болып келген Әзербайжан Мәмбетов Астанага келген бетте, мені көре салысымен жоғалып кеткен бауырын тапқандай жата жабысты. Бірден театрдың әдебиет бөлімінің жетекшілік жұмысына жекті. Талай жылдар театр тарландарымен тіл табысып, жұмыс істеген маған бұл қызмет қыын емес еди.

Менің дара драматургтер Сәкен Жұнісов, Әкім Тарази, дарынды режиссерлер – Есімхан Обаев, Маман Байсеркеновпен аралас-құралас болып, бірге жұмыс істегенімді жақсы білетін Әзекең мені театр әлеміне еріксіз енгізіп жіберді. Менің талантты режиссер Болат Ұзақовпен танысусым да, табысусым да осы түстан басталды.

Әрине, мен оны әрірек кезден білетінмін. Ол өзінің алғашқы адымын Б.Римова атындағы Талдықорған облыстық қазақ драма театрынан бастаған болатын. Министрлікте жүрген кездерімде театр тарландарының талайымен бірге барып осы ұжымның толғай табыстарына күә болғанбыз. Соңдағы актерлердің ішінде Болат сомдаған образдардың тұлғасы ерекше танылып, бірден көзге түсетін. Шеберлікпен шендерескен ойын үлгілері оны үнемі басқалардан даралап тұратын. Оның М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» – Кебек, Шекспирдің «Асауға-тұсауындағы» – Транио, М.Кәрімнің «Ай тұтылған тұніндегі» – Ақжігіт, И.Жансүгіровтің «Күйшісіндегі» – Күйші, Д.Исабековтің «Әпкесіндегі» – Тимур, А.Сүлейменовтің «Қыздай жесіріндегі» – Дәріс, К.Әбдірахмановтың «Қаракерей Қабанбайдағы» – Әлі, С.Балғабаевтың «Қызы жиырмаға толғандағы» – Есімсейіт бейнелерін актер Болат шынайы сомдап, үнемі көрермен көңілінен шыға білді. Әрине, Болаттың бұлай болмасқа хакысы да жоқ еди. Оның 1980-84 жылдар аралығында Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтының театр факультетінде А.Токпанов, Ы.Ноғайбаев, Ф.Шәріповадан дәріс алуы, сөз жоқ, тіні берік, алтын арқауына айналған еди.

Талант тегеуріні мықты Болат Ұзақов тек қана театр ауқымында қалып қоймай, өзінің қайрат-күшін режиссерлік жолда да сынап көруге бел байлады. Соның нәтижесінде ол 1991-97 жылдар белесінде Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының «Драма режиссері» мамандығын алып, халық әртісі М.Байсеркенов пен Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері С.Асылханов сыныбы сынағынан сүрінбей өтті.

Сонымен ол 1990 жылдардың басында актерлігін шындағы жүріп, режиссерлік жұмысқа да білек сыйбанып, белсене араласа бастады. Бұл жолда да Болат біліктілігін байқатты. Алдымен, Әуезовтің «Қанды азу», «Қарақыпшақ Қобланды» драмалары мен «Еңлік-Кебек» трагедиясын қолға алып, режиссерліктің ірі соқпағына түсіп бақ сынады. Алғашқы қойылымдарынан-ақ Болаттың режиссерлік келбеті көріне бастады. Бұдан да бұрын ол табиғи болмысына жақын И.Жансүгіровтің «Күйші» драмасына режиссерлік рең беріп, көп күш-жігер жұмсауының нәтижесінде көрермен құрметіне бөлениген болатын. Кейіннен ол бірыңғай трагедиялық туындылармен кете бермей, өз

күшін комедиялық спектакльдермен сынап көрді. Ол да жеміссіз болған жоқ. Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясы мен Е.Аманшаевтың «Үзілген бесік жыры» трагедиялық комедиясы оның режиссерлік жолындағы сан алуан сыр-сипатын анықтап берді. Осындай құрделі жолдардан өткен Болатқа кейіннен қойылған А.Сейдімбектің «Қош бол, ардағым», Т.Әbdіктің «Біз үшеу едік» психологиялық драмаларын сахнаға шығару онша қыынға түскен жоқ.

Қазіргі таңда Болат кез келген құрделі драмалық дүниelerді қымсынбай қолға алып, оның үдесінен шыға біletіn үлкен тәжірибелі иемденіп отыр. Соның нәтижесінде У.Шекспирдің «Гамлет», Ф.Буляктың «Күйеуге шыққан кемпірлер», А.Дударевтың «Кеш», Е.Жуасбектің «Антивирус», М.Ахмановтың «Алдардың айласы» драмаларына еркін барып, ерекше қойылымдарға қол жеткізді. Көрмермендер алғысына бөленді. Театр сыншылары тарапынан да сындарлы бағасын алды.

Болат Ұзақов – драматург. Драматург болғанда да, уақытка үн қоса біletіn, заманың үйтты сәтін ұтымды пайдаланып, көрмермендерін ойландыра біletіn биіктен көрінді. Әсіресе, оның «Үміт», «Жандауа» деп аталатын драмалары түп-тура бүгінгі көрмермендердің көкейіне дөп тиіп, жүргегіне тұра жол тартты.

Ол драматург, режиссер бола жүріп, бірыңғай белгілі, беделді қойылымдардың ауқымында ғана қалып қоймай, жас драматургтерді тәрбиелеп, олардың талантын шындауға да шын ықыласпен үлес қосып келеді. Атап айтсақ, Д.Рамазанның «Кенесары-Күнімжан», Қ.Жұнісовтің «Махабbat мелодрамасы» сынды дүниelerге көңіл бөліп, жастардың алғашқы еңбектерін қалың көрмерменге қапысыз қауыштыруға да барын салып, терін төкті. Міне, осының бәрі режиссер енбегінің ірі жемісі екендігінде дау жоқ.

Осы орайда, бұл күнде 10 жылдан астам уақыттан бері театр сахнасынан түспей, көрмермендер қошеметіне риясыз бөленип келе жатқан менің қолтаңбам «Мұқағали» драмасының да қойылымына күш салып, қомақты үлес қосқан режиссер Болатқа осы мақаланың авторы ретіндегі мүмкіндігімді пайдаланып раҳмет айта кетуді жөн санадым. Себебі, Мұқағали сынды құдіретті ақынның сахнадағы құпиясының кілтін тауып, құпиясын ашуы – екінің бірінің қолынан келе бермейтіні белгілі. Болаттың режиссурадағы тегеурінді тәлімі қойылымды биік дәрежеге көтерді. Соның жемісі болар, «Мұқағали» драмасы ұзак жылдардан бері сахна төрінен түспей келеді.

Болат Ұзақов қажетті шығармаларды инициаторлаға айналдырып, көрмермендер көңіліне тікелей жол тауып жүрген талантты да іскер өнер иесі. Ол өзінің тынымсыз да тыңғылықты енбегімен Астана жүртшылығына қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Оның бұл енбегі де мемлекет тарапынан елеусіз қалған емес. Атап айттар болсақ, 2000 жылды Болат Ұзақов Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградталды. 2006 жылды Астана қаласы меценаттар клубы тағайындаған жүлде бойынша «Үздік режиссер» номинациясымен «Керемет» сыйлығын алды. Бұл сыйлық Болатқа Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясы қойылымы үшін берілді. 2009 жылды ол Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері

атағына ие болды. Сонымен қатар, Болат еліміздің бірнеше медальдарымен де марапатталды. Ал алымды режиссер Болат Ұзақовтың жеке жетістіктеріне тоқтала кетсек, түйіні мынадай болып шығады. 1994 жылы оның қойған I.Жансұғровтің «Құйші» спектаклі «Матай» қоры ұйымдастырған республикалық фестивальдің бас жүлдесін жеңіп алды.

Бұдан білеқ 1998 жылы М.Әуезовтің шығармасы бойынша қойылған «Қанды азу» спектаклі дүниежүзілік театр фестиваліне жолдама алғып, жоғары жетістікке жетті. Осы спектакль Каир қаласында өткен дүниежүзілік эксперименттік спектакльдер фестивалінде де жоғары бағаланды.

Оның театр өнері саласына қосқан үлесі мұнымен шектелмейді. Мысалы, 2005 жылы республикалық фестивальде Болат Ұзақовтың қатысуымен Е.Аманжоловтың драмасы бойынша қойылған «Үздік бесік жыры» спектаклінде ойнаған әртістер К.Қыстықбаев «Үздік ер адам» рөлі, А.Аймағанбетова «Үздік эпизод – әйел рөлі» бойынша беделді орынға ие болса, 2010 жылы Тараз қаласында өткен Қазақстан театрларының XVII республикалық фестивалінде А.Дударовтың «Кеш» драмасы Гран-при жүлдесін жеңіп алған еді. Сондай-ақ, 2011 жылы Болат Ұзақов қойған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған ұлттық театрлардың республикалық фестивалінде Д.Рамазанның «Кенесары-Құнімжан» драмасындағы «Үздік ер адам» рөлі С.Қошқабаевқа бұйырды. Ал 2011 жылы Қазақстан театрларының XIX республикалық фестивалінде Е.Жусбектің «Антивирус» драмасындағы «Үздік әйел» рөлін А.Атымтаеваға, өткен жылы Орталық Азия елдерінің IV халықаралық театрлар фестивалінде У.Шекспирдің «Гамлет» драмасы бойынша «Үздік ер адам» рөлін актер Н.Өтеуілов иемденгенін атап өткен жөн.

Міне, өрелі еңбегімен үнемі өсу, өрлеу үстінде келе жатқан актер, режиссер, драматург, қайраткер азамат Болат Ұзақовтың әлі талай биік белестерді бағындыра берері хақ.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ